

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі
Алматы Технологиялық университеті

Жасанды былғары

Орындаған: Болатқызы Д.
Бурашева Н.

Тобы: ХОМИ 14-17

Қабылдаған: Какенова Ж.К.



Жоспар:

- 1) Былғары;**
- 2) Жасанды былғары;**
- 3) Киімге арналған жасанды былғары;**
- 4) Жасанды былғарыдан табиғи былғарыны ажырату;**
- 5) Қорытынды.**

SHANGHAIPOP



Былғары— мал терілерін химиялық және механикалық әдістермен өңдеу арқылы алынатын материал. Одан аяқ киім, сырт киім, айыл-тұрман, галантерея, техникалық бұйымдар т.б. жасалады. Мал терісі 3 қабаттан — шелден, өзеңнен, қыртыстан тұрады. Былғары жасау үшін терінің жүні жидітіледі, шелі сылынып, қыртысы жазылады. Терінің өзеңін (ортаңғы қабатын) өңдей отырып былғары алынады.

Пайдалану мақсатына қарай былғары 4 топқа бөлінеді: аяқ киімдік былғары, қайыс немесе айыл-тұрмандық былғары, сырт киімдік және галантереялық былғары, техникалық былғары. Аяқ киімдік былғары қасаң және жұмсақ былғары түрінде болады.



Fashion leather goods

Organizing our goods, we
ensure the best quality
products for the long term.
We offer a wide range of
the design and fine leather goods
with high quality of
the materials of production.



Leather line (искусственная кожа)

CRISTAL ROMBO 85
Mocca/Silver

арт. 113427



Leather line (искусственная кожа)

LL Floral Black/Silver mat

арт. 140082



Leather line (искусственная кожа)

LL Eleganza Silver


арт. 151646



Leather line (искусственная кожа)

CRISTAL ROMBO 85
Creme/Silver

арт. 113428



Leather line (искусственная кожа)

LL Floral White


арт. 144000



Leather line (искусственная кожа)

LL ALISE White / Gold

арт. 153169



Leather line (искусственная кожа)

LL Leguan Verde

арт. 113429



Leather line (искусственная кожа)

LL Leguan Silver


арт. 144001



Leather line (искусственная кожа)

Rombo 85 Mocca matt

арт. 153381



Leather line (искусственная кожа)

LL FLORAL Beige

арт. 112504

Жасанды былғары – кәдімгі тері орнына қолданылатын полимер материалдар. Олар құрамына қарай резиналы, талшықты, жұқа қабатты және беті қапталған мата, т.б. қолданылуына қарай аяқ киімдік, галантереялық, техникалық болып бөлінеді. Жасанды былғары жасауда негізгі шикізат – каучук, полихлорвинил, нитроцеллюлоза, козеин, полиамидтер т.б. жұқа қабат түзгіш заттар.

Жалпы сапа көрсеткіштеріне былғары қалыңдығы T және оның құрамындағы ылғал мөлшері H жатады.

Кең қолданылатын арнайы көрсеткіштер – былғары құрамындағы илегіштер ($X_{и}$); майлы заттар ($X_{м}$); шайылатын заттар ($X_{ш.а}$); т.б.





Киімге арналған жасанды былғары иілмелі, жұмсақ, беткі ұабаты негізбен берік қосылған киімде, пішінін тұрақты сақтайтын және пішінді, сәнді көрінетін, жаңа құралдармен жеңіл пішілетін болуы тиіс. Былғарыны тігін машиналарында тігу барысында жолдан таймау керек, ал пісіру кезінде берік эласты тігістерді қамтамасыз етуі тиіс. Бұйымды қию жағдайын ескере отырып, киімге арналған жасанды былғары көп ретті иілуге берік, тұрақты, пайдаланудың, температураның және ылғалдылықтың әртүрлі жағдайында қасиетін өзгертпеуі тиіс. Киімге арналған жасанды былғары белгілі бір гигиеналық қасиеттермен сипатталады: аз мөлшерде жылу өткізгіш, жетерліктей ылғал өткізгішті және ауа өткізгіштігі. Оның бу өткізгіштігі $1/(смг)$ кем болмауы керек. Жасанды былғарылардың негізгі түрлері – негізгі (мата, тоқыма немесе мата емес төсеме) полимермен немесе полимер қоспасымен жабылған (сіндірілген). Жұмсақ жасанды былғары үшін “жасанды былғары” атауы қабылданған.



Жасанды былғары кемістіктері мен сорттылығын анықтау

Әртүрлі өндіріс сатыларында өндірілетін резеңке бұйымдардың, картон, жасанды былғары өндіру процессінде материалдардың сорттылығын және сапасын төмендететін ақаулар шығуы мүмкін. Жасанды былғарылардың сыртқы ақауларының негізгісіне ысындыру процессінің дұрыс жүрмеуі нәтижесінде пайда болған ақаулар, түсінің тегіс болмауы, бетінің былғануы, тесіктердің пайда болуы жатады.

Негізгі кемістіктерге езілгендер, жыртықтар, тегіс еместіктер жатады.

Жасанды былғары кемістіктері 2 бөлінеді:

1. Тоқыма маталардың кемістігі;
2. Полимер жаққанда болатын кемістіктер.

Таза былғарыны жасандыдан ажырату



Кейде жасанды былғары етікіті таза былғары етігімен шатастырып, «қап» деп қатты өкініп қалатын кездеріміз де болады. Ендеше осындай кезде «әттеген-ай» демейтіндей, аңдап, ажырата білудің әдіс-тәсілдерімен таныс болыңыздар.



Алдымен, тігісінен бастайық, таза былғары етіктерде былғарының жабық шетінде жібі, яғни тігісі болады. Одан басқа, етікті қолыңызға алып тұрып жылытып көріңіз. Қолдың жылуынан былғары етік тез ысиды, ал қолыңыз жылу сезбесе жасанды етік болғаны. Мүлдем болмай бара жатқан жағдайда бір әдіс бар: бұл етікті жандыру. Мұндай жағдайда, жасанды былғары ери бастайды, ал таза былғарымен ешнәрсе болмады, қорықпаңыз, ал оттың астында ұстайтын болсаңыз, етік аздап бықсуы мүмкін. Негізі, бұл әдісті қолданбаған да жөн. Былғарыдан жасалған заттарды бояу жағып көру арқылы тексеруге болады. Былғарының үстінен су сеуіп те тексеріп көріңіз, таза былғары қарайып барып өзінің реңін береді, ал жасандыны бірден аңғара аласыз. Таза былғары сөмкеңіз қыртысталып қалса түкті сүлгі қойып, үтікпен үтіктеп көріңіз. Егер таза былғары болса ол міндетті түрде үтіктеледі. Бірақ үтікті қатты қыздырмаңыз!



Назар
аударғандарыңызға
рахмет!